

"Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 264 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 маусымда № 28408 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларында:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ахуалдық орталық – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымда орналастырылған, онлайн режимде КТ өткізу процесін байқау үшін коммуникация құралдарымен жарақтандырылған зал;

2) жауап парағы – түсуші тест тапсырмаларының жауаптарын белгілейтін кешенді тестілеу нәтижелерін бағалауға арналған арнайы бланк;

3) жауап парақтарының көшірмесі – тестілеу нәтижелерін бағалауға арналған құжат болып табылмайтын, кешенді тестілеуден кейін балдарды өз бетінше санауға арналған бланк;

4) желілік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейін білім беру ұйымдары – кешенді тестілеуге құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейін білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ);

5) желілік ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясы – кешенді тестілеуге түсушілерден құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ жанындағы комиссия;

6) кешенді тестілеу – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны;

7) электрондық форматтағы КТ – әрбір тестіленуші үшін дербес компьютерді пайдалану жолымен өткізілетін тестілеу;

8) қағаз форматындағы КТ – тестіленушіге сұрақ-кітапшасын және жауап парағын беру жолымен жүргізілетін тестілеу;

9) кешенді тестілеу өткізу пункттері (бұдан әрі – КТӨП) – КТ өткізуді жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ;

10) КТӨП қабылдау комиссиясы – КТ өткізуді жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ жанындағы комиссия;

11) нұсқаларды тарату парағы – кітапша нұсқасының аудиториядағы белгілі бір орын нөміріне бекітілгендігі туралы ақпаратты қамтитын парақ;

12) отырғызу парағы – түсушілерді аудиториядағы орындар бойынша бөлу парағы;

13) онлайн апелляция – электрондық форматта КТ өткізген кезде тестілеу аяқталғаннан кейін 30 (отыз) минут ішінде апелляцияға өтініш беру;

14) шекті балл – республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға немесе ақылы негізде оқуға түсуге рұқсат беретін Үлгілік қағидалармен белгіленген тестілеудің әр бөлімі немесе пәндері бойынша балдардың минималды жиынтығы;

15) электрондық сертификат – Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жарияланатын КТ балдарын ресми растайтын үміткердің бірегей деректері бар электрондық құжат (бұдан әрі – сертификат);

16) тестілеу әкімшілері – КТӨП-те КТ өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырушылар және аудитория мен дәліз бойынша кезекшінің функцияларын орындайды;

17) тіркеу файлы (лог) - хронологиялық тәртіпте тестіленушінің әрекеттері туралы жазбалар бар файл.";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. КТ-ге қатысу үшін өтініштерді қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 15 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 1 қарашадан 18 қарашаға дейін.";

18 және 19-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Гимаратқа кіргізу және КТ өткізу барысы бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте кіргізу, тестілеуді өткізу процесін бейнебақылау жазбасы, сондай-ақ тестілеуден кейін үй-жайда сақталған пайдаланылған кітапшалар тестілеу аяқталғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде ҰТО-ға беріледі.

Күнтізбелік жылғы 20 шілдеден 10 тамызға дейінгі кезеңде өткізілген КТ аяқталғаннан кейін 3 (үш) ай бойы ҰТО тестілеу кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеруді жүзеге асырады.

Күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейінгі кезеңде өткізілген КТ аяқталғаннан кейін 3 (үш) ай бойы ҰТО тестілеу кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеруді жүзеге асырады.

Тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижесі бойынша КТ-да Қағидалардың 35, 37 және 47-11-тармақтарында көрсетілген тыйым салынған заттардың біреуін пайдаланғандығы анықталған жағдайда ҰТО осы

Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Тестілеу барысында тыйым салынған затты пайдаланғаны және (немесе) әрекеттері немесе тестілеу жүйесіне араласу әрекеті және тестілеуден өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасағаны туралы акт" жасайды және растайтын материалдарымен бірге білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Тестілеу барысында тыйым салынған заттардың біреуін пайдаланғаны туралы акт растайтын материалдарымен бірге білім беру саласындағы уәкілетті органмен құрылған комиссияның қарауына ұсынылады.

Комиссияның шешімімен тестілеу нәтижелері (КТ балдары), сондай-ақ республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беруге арналған конкурстың нәтижелері (білім беру грантын беру туралы куәлік) білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен жойылады.

Тестілеу нәтижелері (КТ балдары) және (немесе) білім беру грантын беру туралы куәлікті жойылғаннан кейін ҰТО түсушілерге жеке кабинеті арқылы хабарлама жібереді.

Түсуші ағымдағы жылы тестілеуге жіберілмейді.

19. Тестілеуге жіберу кезінде қол және рамалы түрдегі металл іздегіштер қолданылады. Тестілеуге жіберу кезінде металл іздегіштерді қолдану тестілеуді өткізу кезінде түсушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың ғимаратқа келесі тыйым салынған заттарды алып жүруіне жол бермеу шеңберінде жүзеге асырылады: шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесі, калькулятор, фотоаппарат, ұялы байланыс құралдары (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт сағаттар, сымды және сымсыз құлаққаптар, сымсыз бейнекамералар, GPS (ДжиПиЭс) навигаторлар, GPS (ДжиПиЭс) трекерлер, қашықтан басқару құрылғылары, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғылары: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект).

Тестілеуге кіргізу барысында металл іздегішпен тексеру кезінде осы тармақта көрсетілген тыйым салынған заттар табылған жағдайда тестілеу әкімшісі осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "КТ өткізу пункті ғимаратына кіргізу барысында тыйым салынған заттар тәркіленген жағдайда түсушіні ғимараттан шығару туралы акт" жасайды. Түсуші ағымдағы жылы тестілеуге жіберілмейді.";

35 және 36-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"35. КТ жүргізу кезінде түсушіге жол берілмейді:

1) дәліз бойынша кезекшінің қызметін атқаратын тестілеу әкімшісінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға;

2) сөйлесуге;

- 3) орнынан орын ауыстыруға;
- 4) тестілеу материалдарымен алмасуға;
- 5) аудиториядан тестілеу материалдарын шығаруға;
- 6) аудиториядан 2 реттен артық шығуға;

7) аудиторияға шпаргалкаларды, оқу-әдістемелік әдебиеттерін, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесін, калькуляторды, фотоаппаратты, ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рацияларды, ноутбуктерді, плейерлерді, модемдерді (мобильді роутерлер), смарт сағаттарды, сымды және сымсыз құлаққаптарды, сымсыз бейнекамераларын, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларын, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерін, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) алып кіруіне және қолдануына;

8) тестілеу материалдарын (жауап парақтарын және кітапшаларын) сыпыру, түзетуші сұйықтықты пайдалану, беттерді үзу арқылы бұзуды жүзеге асыруға;

9) бұл үшін қарастырылмаған секторларды бояуға (жауап парағының нөмірі).

36. Тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижесі бойынша қағаз және (немесе) электрондық форматтағы КТ кезінде түсушіде осы Қағидалардың 35 және 47-11 тармақтарында көрсетілген заттар табылған, сондай-ақ түсуші осы Қағидалардың 35 және 47-11 тармақтарын бұзған жағдайда тестілеу әкімшісі бақылаушылармен бірге түсушінің қатысуымен осы Қағидаларға 10-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Аудиторияда тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған түсушіні аудиториядан шығару және (немесе) әрекеттері немесе тестілеу жүйесіне араласу әрекеті және тестілеуден өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасағаны туралы акт туралы акт" толтырады. Түсуші аудиториядан шығарылады. Оқуға түсуші ағымдағы жылы тестілеуге жіберілмейді.

КТ нәтижелері өңделмейді және жойылуға жатады.";

47-3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"47-3. Тестілеу басталғанға дейін тестілеу әкімшісі түсушіге тестілеу ережелері бойынша нұсқаулық өткізеді.

Ең алдымен тестілеуді бастау үшін түсушіге:

- 1) логин көрсету;
- 2) құпия сөз көрсету;
- 3) адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялау;
- 4) тестілеуді өткізу ережелерімен танысу;
- 5) деректерінің дұрыстығын растау;
- 6) "Кіру" батырмасын басқаннан кейін тестілеуге өту қажет.

Түсуші тестілеу жүйесіне әрбір кіру және шығу кезінде, компьютерде орнатылған фронтальды камера арқылы адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялаудан өтеді.

Тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауы болған жағдайда түсуші тестілеу администраторына хабарлау қажет. Тестілеу администраторы бақылаушылармен бірлесіп, осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауын анықтау актісін жасайды.

КТ өткізу пунктінде электр қуаты ажыратылған жағдайда немесе тестілеу жазбасы жүргізілмейтін басқа да форс-мажорлық жағдайларда, Ұлттық тестілеу орталығының келісімен тестілеу администраторы мен өңірлік мемлекеттік комиссия осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу процесін тоқтата тұру және ауыстыру туралы акт жасай отырып, тестілеу процесін тоқтатады (күшін жояды) және басқа күнге ауыстырады.

Тестілеу процесін тоқтата тұру және ауыстыру туралы акт тестілеу администраторымен және өңірлік мемлекеттік комиссиямен бірлесіп жасалады.

Электр қуаты ажыратылған жағдайда, түсушінің жұмыс орнында тестілеу процесі туралы деректер (тест тапсырмаларына бұрын белгіленген жауаптары, тестілеудің пайдаланылған уақытының саны) сақталады.

Тестілеуді одан әрі жалғастырған кезде тестіленуші тестілеу процесі үзілген жерден тестілеу процесін жалғастырады.

Тестілеуді басқа күнге ауыстырған жағдайда тестіленушінің тестілеу тоқтатылғанға дейінгі тест тапсырмаларына берілген жауаптары сақталмайды.";

47-11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"47-11. КТ жүргізу кезінде түсушіге рұқсат етілмейді:

1) дәліз бойынша кезекшінің функцияларын орындайтын тестілеу әкімшісінің рұқсатынсыз және ертіп жүруінсіз аудиториядан (компьютерлік кластан) шығу;

2) сөйлесуге, орнынан орынға ауысуға;

3) аудиториядан 2 реттен артық шығуға;

4) құжаттармен, кез-келген тыйым салынған заттармен және түсушіге тест тапсырмаларын шешу бойынша жұмысты орындау үшін берілген А4 форматындағы қағазбен алмасуға;

5) құжаттарды және тест тапсырмаларын шешу бойынша жұмысты орындау үшін берілген А4 форматындағы қағазды аудиториядан (компьютерлік класстан) шығаруға, сондай-ақ оларды ұсақтап жыртуға;

6) Тест тапсырмаларын шешу бойынша жұмысты орындау үшін берілген А4 форматындағы қағазды өзімен бірге алып кетуге;

7) аудиторияға шпаргалкаларды, оқу-әдістемелік әдебиеттерін, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесін, калькуляторды, фотоаппаратты, ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод),

SmartPhone (Смартфон), рацияларды, ноутбуктерді, плейерлерді, модемдерді (мобильді роутерлер), смарт сағаттарды, сымды және сымсыз құлаққаптарды, сымсыз бейнекамераларын, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларын, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерін, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) алып кіруіне және қолдануына;

8) тестілеу тапсырмаларының мазмұнын талқылауға және жария етуге;

9) тестілеуге пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге рұқсат етілмейді.

Бұл ретте тестілеу өткізілетін компьютердің интерфейсіндегі калькуляторларды, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін пайдалануға рұқсат етіледі.";

Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 10-1-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

А. Аймағамбетов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2022 жылғы 7 маусымдағы
№ 264
1-қосымша
Кешенді тестілеуді
өткізу қағидаларына
2-қосымша

Кешенді тестілеу бейінді пәндері көрсетілген білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі	Білім беру бағдарламасы тобының атауы	Бейінді пәндер	
		1 бейінді пән	2 бейінді пән
M001	Педагогика және психология	Педагогика	Психология
M002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Мектепке дейінгі педагогика	Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту әдістемесі
M003	Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау	Педагогика (бастауыш сыныптар үшін)	Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі
M004	Бастапқы әскери дайындық педагогтерін даярлау	Педагогика	Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі
M005	Дене шынықтыру педагогтерін даярлау	Педагогика	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі
M006	Музыка педагогтерін даярлау	Педагогика	Музыка пәнін оқыту әдістемесі
M007	Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтерін даярлау	Педагогика	Көркем еңбек, графика және жобалауды оқыту әдістемесі
M008	Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау	Педагогика	Кәсіптік оқытудың заманауи технологиялары
M009	Құқық және экономика негіздері	Мемлекет және құқық теориясы негіздері	Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі
M010	Математика педагогтерін даярлау	Математика	Математиканы оқыту әдістемесі
M011	Физика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Жалпы физика	Физиканы оқыту әдістемесі
M012	Информатика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Бағдарламалау	Информатиканы оқыту әдістемесі
M013	Химия педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Химия	Химияны оқыту әдістемесі
M014	Биология педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Биология	Биологияны оқыту әдістемесі
M015	География педагогтерін даярлау	География	Географияны оқыту әдістемесі
M016	Тарих педагогтерін даярлау	Қазақстан тарихы	Тарихты оқыту әдістемесі
M017	Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	Педагогика	Қазақ тілін оқыту әдістемесі

M018	Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	Педагогика	Орыс тілін оқыту әдістемесі
M019	Шет тілдері педагогтерін даярлау	Педагогика (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Кәсіби бағытталған шет тілі (ағылшын, француз, неміс тілдері)
M020	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша кадрларын даярлау	Әлеуметтік педагогика	Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі
M021	Арнайы педагогика	Арнайы педагогика	Инклюзивті білім беру
M022	Музыкатуану	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M023	Аспаптық орындаушылық	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M024	Вокалдық өнер	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M025	Дәстүрлі музыка өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M026	Композиция	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M027	Дирижирлеу	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M028	Режиссура	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M029	Театр өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M030	Эстрада өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M031	Хореография	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M032	Аудиовизуалды өнер және медиа өндіріс	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M033	Бейнелеу өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M034	Өнертану	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M035	Сән, дизайн	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M036	Полиграфия	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M037	Арт-менеджмент	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M050	Философия және әдеп	Қазақ философиясы	Әлеуметтік философия
M051	Дінтану және теология	Діндер тарихы	Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар және культтер
M052	Исламтану	Діндер тарихы	Қазақстандағы қазіргі діни жағдай
M053	Тарих	Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы	Археология негіздері
M054	Түркітану	Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы	Түркі халықтарының жалпы тарихы
M055	Шығыстану	Классикалық және қазіргі шығыстану	Шығыс елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы
		Аударма теориясы (ағылшын, орыс, қазақ,	

M056	Аударма ісі, ілеспе аударма	корей,қытай, жапон тілдері)	Кәсіби-бағытталған шет тілі (ағылшын)
M057	Лингвистика	Жалпы тіл білімі	Лингвистика ілімінің тарихы
M058	Әдебиет	Фольклор	Әдебиет теориясы
M059	Шетел филологиясы	Тіл теориясының негіздері (ағылшын, неміс, француз, корей, қытай, жапон тілдері)	Кәсіби-бағытталған шет тілі (ағылшын, неміс, француз тілдері)
M060	Филология	Қазіргі қазақ тілі	Қазіргі қазақ әдебиеті
M061	Әлеуметтану	Әлеуметтану тарихы	Әлеуметтанулық зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру
M062	Мәдениеттану	Қазақ мәдениетінің тарихы	Мәдени антропология
M063	Саясаттану және конфликтология	Саясат теориясы	Қолданбалы саясаттану
M064	Халықаралық қатынастар	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты	Дипломатиялық және консулдық қызмет
M065	Аймақтану	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі аймақтардың қазіргі мәселелері
M066	Психология	Жалпы психология	Даму психологиясы
M067	Журналистика және репортерлық іс	Қазақ журналистикасының тарихы	Қазіргі журналистиканың жанрлық түрі мен қызметі
M068	Қоғаммен байланыс	PR теориясы мен тәжірибесі	Имиджелогия
M069	Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және архив ісі	Құжаттану	Археография
M070	Экономика	Кәсіпорын экономикасы	Макроэкономика
M071	Мемлекеттік және жергілікті басқару	Мемлекеттік басқару теориясы	Экономиканы мемлекеттік реттеу
M072	Менеджмент	Менеджмент	Бизнесті ұйымдастыру
M073	Аудит және салық салу	Бухгалтерлік есеп негіздері	Аудит
M074	Қаржы, банктік және сақтандыру ісі	Қаржы негіздері	Корпоративтік қаржы
M075	Маркетинг және жарнама	Маркетинг	Маркетингтік зерттеулер
M076	Еңбек дағдылары	Экономикалық теория	Макроэкономика
M077	Бағалау	Экономика және жылжымайтын мүлікті басқару	Қазақстан Республикасының Ұлттық бағалау стандарттары
			Ситуациялық кейс (Қазақстан

M078	Құқық	Мемлекет және құқық теориясы	Республикасының заңдарын және / немесе халықаралық құқықты қолдану негізінде нақты практикалық жағдайды кешенді құқықтық талдау)
M079	Сот сараптамасы	Криминалистика	Сот экспертологиясы
M080	Биология	Клетка биологиясы	Ботаника
M081	Генетика	Клетка биологиясы	Молекулалық генетика негізімен жалпы генетика
M082	Биотехнология	Биохимия	Биотехнология негіздері
M083	Геоботаника	Қазақстан биоресурстары	Ботаника
M084	География	Қазақстанның физикалық географиясы	Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы
M085	Гидрология	Гидрология негіздері	Гидрологиялық ақпаратты статистикалық өңдеудің заманауи әдістері
M086	Метеорология	Физикалық метеорология	Климатология
M087	Қоршаған ортаны қорғау технологиясы	Геоэкология	Экологиялық мониторинг
M088	Гидрогеология және инженерлік геология	Жер асты суларын іздеу және барлау	Инженерлік-геологиялық зерттеулер
M089	Химия	Физикалық химия	Аналитикалық химия
M090	Физика	Механика	Молекулалық физика
M091	Сейсмология	Сейсмологияның физикалық негіздері	Сейсмикалық жазбалар бойынша жер сілкірудің параметрлерін анықтау
M092	Математика және статистика	Математикалық талдау	Дифференциалдық теңдеулер
M093	Механика	Теориялық механика	Тұтас орта механикасына кіріспе
M094	Ақпараттық технологиялар	Алгоритмдер және деректер құрылымы	Деректер базасы
M095	Ақпараттық қауіпсіздік	Алгоритмдік бағдарламалау тілдері	Ақпараттық қауіпсіздік негіздері
M096	Коммуникация және коммуникациялық технологиялар	Электрлік байланыс теориясы	Радиотехника және телекоммуникация негіздері
M097	Химиялық инженерия және процесстер	Бейорганикалық химия	Жалпы химиялық технология
M098	Жылу энергетикасы	Жылу техникасының теориялық негіздері	Қазандық қондырғылар және жылулық қозғалтқыштар

M099	Энергетика және электр техникасы	Электр техниканың теориялық негіздері	Электр машиналары
M100	Автоматтандыру және басқару	Электртехниканың теориялық негіздері	Сызықты автоматты реттеу жүйелері
M101	Материалтану және жаңа материалдар технологиясы	Механика	Молекулалық физика
M102	Роботты техника және мехатроника	Электроника негіздері	Интегралдық және микропроцессорлық схемотехника
M103	Механика және металл өңдеу	Өзара алмасымдылық негіздері	Машина бөлшектері
M104	Көлік, көліктік техника және технология	Көлік техникасын техникалық пайдалану негіздері	Көлік техникасының энергетикалық қондырғылары
M105	Авиациялық техника және технологиялар	Ұшу аппараттарының құрылысы	Авиациялық техниканың теориялық негіздері
M106	Ұшатын аппараттар мен қозғалтқыштарды ұшуда пайдалану	Ұшу аппараттарының құрылысы	Авиациялық апаттарды тергеу және ұшу қауіпсіздігі
M107	Ғарыштық инженерия	Физика	Математика
M108	Наноматериалдар және нанотехнологиялар (қолдану саласы бойынша)	Механика	Нанотехнология негіздері
M109	Мұнай және кен геофизикасы	Далалық және ұңғымаларды геофизикалық зерттеудің теориялық негіздеріне кіріспе	Далалық және ұңғымаларды геофизикалық зерттеулерді өңдеу мен интерпретациялауды жүргізудің әдісі, техникасы мен технологиясы
M110	Теңіз техникасы және технологиялары	Кемелердегі қызметті ұйымдастыру негіздері	Кеме құрылымы мен теориясы
M210	Магистральды желілер және инфрақұрылым	Құрылыс материалдары	Көлік құрылымдарының құрылысын ұйымдастыру және жоспарлау
M310	Көліктік имараттар	Құрылыс материалдары	Көлік құрылымдарының құрылысын ұйымдастыру және жоспарлау
M111	Тамақ өнімдерін өндіру	Тамақ өндірісінің жалпы технологиясы	Химия
M112	Ағаш өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар технологиясы (қолдану саласы бойынша)	Ағаш өңдейтін жабдықтар	Ағаштан бұйым жасау технологиясы

M113	Материалдарды қысыммен өңдеу технологиясы	Физика	Материалдардың механикалық қасиеттері
M114	Тоқыма: киім, аяқ-киім және былғары бұйымдар	Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы	Химия
M115	Мұнай инженериясы	Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау	Мұнай өндірудің технологиясы мен техникасы
M116	Тау-кен инженериясы	Тау-кен өндірісінің негіздері	Тау-кен кәсіпорындарының құрылысы
M117	Металлургиялық инженерия	Металлургиялық процесстерінің теориясы	Жалпы металлургия
M118	Пайдалы қазбалар байыту	Пайдалы қазбаларды байыту негіздері	Флотациялық байыту әдістері
M119	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	Дәрілердің өнеркәсіптік технологиясы	Синтетикалық дәрілік заттардың химиясы және технологиясы
M120	Маркшейдерлік іс	Геодезия	Маркшейдерлік істің жалпы курсы
M121	Геология	Жалпы және тарихи геология	Пайдалы қазба кен орындарының геологиясы
M122	Сәулет	Сәулеттік типология	Қала құрылыс негіздері
M123	Геодезия	Геодезия	Картография
M124	Құрылыс	Құрылыс материалдары	Құрылыс өндірісінің технологиясы 1
M125	Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі	Құрылыс материалдары	Бетон технологиясы 1
M126	Көлік құрылысы	Құрылыс материалдары	Көлік құрылымдарының құрылысын ұйымдастыру және жоспарлау
M127	Инженерлік жүйелер мен желілер	Құрылыс материалдары	Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы
M128	Жерге орналастыру	Геодезия	Жер ресурстарын басқару
M129	Гидротехникалық құрылыс	Гидравлика	Гидротехникалық құрылымдар
M130	Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)	Квалиметрия	Сынаудан өткізу, өнім қауіпсіздігі мен бақылау
M131	Өсімдік шаруашылығы	Өсімдік шаруашылығы	Топырақтану

M132	Мал шаруашылығы	Мал азықтандыру	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы
M133	Орман шаруашылығы	Орман екпелері	Биотехния және жабайы жануарларды өсіру
M134	Балық шаруашылығы	Балық аулау	Аквакультура
M135	Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету	Электр техниканың теориялық негіздері	Электр машиналары
M136	Аграрлық техника және технологиясы	Ауылшаруашылық машиналары	Мал шаруашылығын механикаландыру және автоматтандыру машиналары
M137	Су ресурстары және суды пайдалану	Гидравлика	Су ресурстарын кешенді пайдалану
M138	Ветеринария	Жануарлар патологиясы	Индеттану және жануарлардың жұқпалы аурулары
M139	Денсаулық сақтауды менеджмент	Экономикалық теория негіздері	Менеджмент негіздері
M140	Қоғамдық денсаулық	Биостатистика	Қоғамдық денсаулық
M141	Мейіргер ісі	Мейіргер ісі негіздері	Мейіргер ісіндегі менеджмент
M142	Фармация	Фармацияның басқарылуы және экономикасы және дәрілер технологиясы	Фармацевтикалық химия және фармакогнозия
M143	Биомедицина	Биостатистика	Дәлелді медицина
M144	Медицина	Биостатистика	Дәлелді медицина
M145	Медициналық-профилактикалық іс	Биостатистика	Гигиена және эпидемиология
M146	Әлеуметтік жұмыс	Әлеуметтік жұмыс теориясы	Әлеуметтік жұмыс әдістері мен технологиялары
M147	Туризм	Туризмология негіздері	Экскурсиятану
M148	Тынығу	Мәдени-тынығу қызметіндегі әдістемелік жетекшілік технологиясы	Мәдени-тынығу қызметі саласындағы менеджмент , маркетинг
M149	Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі	Мейрамхана және мейманханада қызмет көрсету технологиясы	Мейманхана және мейрамхана менеджменті
M150	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	Өнеркәсіптік қауіпсіздікті техникалық реттеу	Еңбек қорғауды басқару жүйелері
M151	Көлік қызметтері	Көлік түрлерінің өзара қарым-қатынасы	Тасмалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару

M152	Логистика (сала бойынша)	Жеткізу тізбектерін басқару	Көлік логистикасы Жүктеу
M153	Археология және этнология	Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы	Археология негіздері

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2022 жылғы 7 маусымдағы
№ 264
2-қосымша
Кешенді тестілеуді
өткізу қағидаларына
10-1-қосымша

Аудиторияда тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған түсушіні аудиториядан шығару және (немесе) әрекеттері немесе тестілеу жүйесіне араласу әрекеті және тестілеуден өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасағаны туралы акт (қағаз және (немесе) электрондық форматтағы тестілеу кезінде)

_____ (код) (ұйымның атауы)

" _____ " _____ 20 _____ жыл

" _____ " сағат " _____ " минут

Тестілеу әкімшісі _____

_____ (Т.А.Ә.(болған жағдайда))

Тестілеу уақытында түсуші:

Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____, ЖСН _____,

№ _____ аудитория, № _____ орын, № _____ нұсқа, Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларының 35-тармағының бұзылғандығын дәлелдейтін төмендегі заттар

_____ (тыйым салынған заттың атауы, саны) табылды:

Осы фактіні ескере отырып, қаулы етеміз:

тестілеу материалы алынсын;

түсуші Т.А.Ә. (болған жағдайда)

_____, ТЖК _____,


№ _____ аудиториядан шығарылсын және тестілеу нәтижелері жойылсын.

Актімен таныстым:

_____ (тестілеу әкімшісінің Т.А.Ә. (болған жағдайда) және қолы)

_____ (бақылаушының Т.А.Ә. (болған жағдайда) және қолы)

(түсушінің Т.А.Ә. (болған жағдайда) және қолы)



Күні: _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК